



МҮШЕЛ ЖАС НЕГЕ
ТОЙЛАНБАЙДЫ?

3



«РЕЗЕҢКЕ
ПӘТЕРЛЕР»

6



JAMBYLTARAZ

№27 (2043) 8 сәуір 2026 жыл, сәрсенбі

Қоғамдық-саяси газеті

1996 жылдың 16 ақпанынан бастап шығады

► «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

«ҚЫЗЫЛАБАД» ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАМЫЛДЫ

Таразда акция аясында 10 мың тал егілді



2

Көне шаһардың
бас басылымына —
30 жыл



► ЖАРАЙСЫҢ, ЖЕРЛЕС!

Моңғолия астанасы Ұлан-Батырда өтіп жатқан бокстан Азия чемпионатында 48 келі салмақта өнер көрсеткен жамбылдық спортшы Әйгерім Сәттібаева финал жолдамасы үшін алаң иесі Номундарь Енх-Амгаланмен кездесті.

**ӘЙГЕРІМ —
АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ
ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ**



Тартысты өткен жекпе-жекте қос спортшы да белсенділік танытты. Нәтижесінде төрешілер шешімімен қарсыласы жеңіске жетіп, Айгерім чемпионатты қола жүлдемен аяқтады.

Жерлесіміз 2024 жылы да Азия чемпионатында қола медаль иеленген болатын. Ал былтыр бірнеше жылдық үзілістен кейін қайтадан оралып, Қазақстан чемпионы атанған еді.

Айта кетейік, Моңғолиядағы дүбірлі додаға Азияның 25-тен астам елінен 230-дан астам былғары қолғап шебері қатысуда. Турнир бағдарламасында ерлер мен әйелдер арасында 10 салмақ дәрежесі бойынша жүлделер сарапқа салынып жатыр.

«JT»-ақпарат



**ЖІБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ ЖҮЙЕЛІ
ЖҰМЫС ЖАН ЖАДЫРАТАДЫ**

4-5

► ҚАЛА КЕЛБЕТІ



**КӨНЕ ШАҺАРҒА
САКУРА СӘН БЕРЕДІ**

2

► ЖҰМЫС САПАРЫ

ШАРУАСЫ ШАЛҚЫҒАН ШУ ӨҢІРІ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев Шу ауданына жұмыс сапарымен барды. Аймақ басшысы әуелі ауданда салынған қос спорт кешенінің ашылу салтанатына қатысты.

Құрмаш

ҚАПТАҒАЙ

Шу қаласы мен Бірлік ауылында пайдалануға берілген спорт нысандарының құрылысы «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаржыландыруымен жүзеге асырылды. Шу қаласында ашылған жаңа кешенде футбол, волейбол және баскетболға арналған заманауи жаттығу залдары қарастырылған. Нысанның іске қосылуы нәтижесінде 15 жаңа тұрақты жұмыс орны ашылып отыр.

Салтанатты жыйында облыс әкімі жаңа спорт кешендерінің жас ұрпақтың спортқа қызығушылығын арттырып, болашақта ел намысын қорғайтын таланттардың шығуына жол ашытынына сенім білдірді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, спортты дамыту, бұқаралық спортты кеңінен қолдау және ұлт саулығын нығайту – ел саясатының маңызды бағыты. Осы міндеттер өңірімізде де жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Бүгін ашылған жаңа спорт кешені – осы бағыттағы нақты істердің нәтижесі, – деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева елімізде дәл осындай 24 спорт нысаны салынып жатқанын, соның екеуі Шу ауданында бой көтергенін атап өтті.

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Жамбыл облысында 12,6 миллиард теңгені құрайтын жобалар іске асырылып жатыр. Біз тұрғындарға жайлы өмір қалыптастыру мақсатымен әлеуметтік салаға көп көңіл бөлуіміз. Бұл игі бастамалар әлі де жалғасын табады деген сенімдемін, – деді басқарма төрағасы.

Сапары барысында облыс әкімі

► ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

«ҚЫЗЫЛАБАД» ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАМЫЛДЫ

Таразда акция аясында 10 мың тал егілді

Таразда «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында жалпыхалықтық сенбілік өтті. Шара барысында «Қызылабад» алқабында 10 мың түп ағаш егілді. Жасыл желек отырғызу жұмыстары арнайы белгіленген аумақтарда жүргізіліп, қала келбетін көркейтуге үлес қосты.



Құрбанәлі

ШАХАБАЙ

Шараға Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев, шаһар басшысы Бақытжан Орынбеков арнайы



Бірлік ауылында салынған екінші спорт кешенінің ашылуына да қатысты. Екі нысанның жалпы құны 170,5 миллион теңгені құрайды. Құрылыс жұмыстарын «SK Monolit Ltd» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізген. Жаңа спорт кешендері қала мен ауыл тұрғындарына қолжетімді. Олар бұқаралық спортты дамытуға, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және өңірдегі салауатты өмір салтын нығайтуға қызмет етеді.

Ауылымызда осындай спорт кешенінің салынғаны – үлкен қуаныш. Бұл – елге жасалған қамқорлық. Жастар спортпен шұғылданып, ауылымыз одан әрі көркейе береді, – дейді ауыл ақсақалы Асқар Нұржанов.

Салтанатты шарадан соң облыс әкімі Ербол Қарашөкеев пен «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева ауыл тұрғындарымен бірге спорт нысанының ауласына тал екті. Сондай-ақ Ербол Шырақпайұлы Бірлік ауылындағы саябақтың жұмысымен танысып, осындай игі жобаларды басқа елді мекендерде де жүзеге асыру керектігін алға тартты.

Келесі кезекте аймақ басшысы өңірдегі маңызды инвестициялық алаңдардың бірі – «Jibek Joly» арнайы экономикалық аймағына аялады. Аталған аумақта Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерге сәйкес өнеркәсіптік әлеуетті нығайтуға және экспортқа бағдарланған өндірі-

стерді дамытуға бағытталған бірқатар ірі жобалар жүзеге асуда.

Жұмыс сапары кезінде «Kazakhstan Hydrogen Peroxide» ЖШС-нің сүтегі асқын тотығын (пероксидін) өндіретін зауыттың құрылысына ерекше назар аударылды. Бүгінде мұнда құрылыс-монтаж жұмыстарының 80 пайызы аяқталған, негізгі технологиялық жабдықтар толық орнатылған. Қазіргі кезде іске қосу-баптау жұмыстарына дайындық шаралары жүзеге асуда. Кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 30 мың тоннаға дейін өнім шығаруға мүмкіндік береді. Бұл жоба Қазақстанда алғаш рет жүзеге асырылып отыр және химия өнеркәсібінің дамыту үшін стратегиялық маңызға ие. Өндірілетін өнім химия, целлюлоза қағаз, тоқыма салаларында, сондай-ақ өнеркәсіптік тазарту және су тазарту бағыттарында қолданылады.

Бұл импортқа тәуелділікті төмендетіп, елдің экспорттық әлеуетін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, аймақ басшысы АЭА аумағындағы автоматтандырылған газ тарату станциясындағы жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының барысымен танысты. Аталған жұмыстар инвестор қаражаты есебінен жүрде. Нысанның аяқталу деңгейі 50 пайызды құрайды.

Облыс әкімі жауапты тұлғаларға негізгі өндірістік нысандардың белгіленген мерзімде іске қосылуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтың көлік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

► ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Тараз қаласындағы №1 және №2 мамандандырылған ХҚКО-ларды біріктіруге байланысты 2026 жылғы 6 сәуірден бастап Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығы азаматтарды тек Төле би көшесі, №198 «А» мекенжайы бойынша қабылдайды.

ТАРАЗДА БІР ҒАНА МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ХҚКО ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



Бөлімдерді біріктіру процес-терді оңтайландыру, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасы мен қолжетімділігін арттыру мақсатымен жүргізілді.

Еске салсақ, бұған дейін қаланың мамандандырылған ХҚКО-лары екі түрлі мекенжайда орналасқан болатын. Бұдан былай Қолбасшы Қойгелді көшесі, №158 «А» мекенжайында орналасқан №2 мамандандырылған ХҚКО жаңа Төле би көшесі, №198 «А» мекенжайына көшірілді. Енді Тараз қаласында бір ғана мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді.

Айта кетейік, Тараз қаласының

► ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

Жапонияның символына айналған әсем сакура ағаштары енді Тараз төрінде де тамыр жайып, көне шаһардың көркін айшықтай түспек. Осы мақсатта VI Group инвестициялық-құрылыс холдингінің қаржылай қолдауымен Шымкент қаласынан 100 дана сәндік ағаш жеткізілді.

КӨНЕ ШАҒАРҒА САКУРА СӘН БЕРЕДІ



Жұматай

КӨКСУБАЙ

– Бельгиядан әкелінген бұл көшеттер әуелі Шымкент шаһарындағы «Аққайың» тәлімбағында 4 жыл бойы баптанып, жергілікті климатқа бейімделген. Қыс айларында -35 градусқа дейінгі аязға төзе алатын сакура ағашы біздің өңірде өсетін шие тұқымдасына жататындықтан, тез тамыр жайып, жақсы өсіп кетеді, – дейді «Жасыл ел-Тараз» ЖШС директорының орынбасары Азамат Әбішев.

Аталған ағаштарды Шымкент

мамандандырылған ХҚКО-сы автокөлік иелеріне арналған барлық қызмет түрлерін бұрынғыдай көрсетуді жалғастырады.

Сондай-ақ мамандандырылған ХҚКО кезекші кесте бойынша жұмыс істейді. Дүйсенбі-жұма күндері сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін, дайын құжаттарды беру 20:00-ге дейін жүзеге асырылады. Сенбі күні азаматтарды қабылдау 9:00-ден 12:00-ге дейін, құжаттарды беру 13:00-ге дейін жүргізіледі.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Жамбыл облысы бойынша филиалы

Бұл бастама шаһардың көркін арттырып қана қоймай, тұрғындарға табиғат аясында серуендеп, әсемдікті тамашалауға мүмкіндік береді.

► БІЛІМ БИІГІ

МАМАНДЫҚТЫ ДҰРЫС ТАҢДАУ МАҢЫЗДЫ

Кезекті оқу жылының аяқталуына да бірнеше ай ғана қалды. Бұл – жоғары сынып оқушылары үшін өте маңызды кезең. Өйткені олардың алдында мектептен кейінгі өздерінің өмір жолдарын айқындауға байланысты аса жауапты таңдау жасау қажеттігі тұр. «Мен болашақта кім боламын, қандай кәсіп таңдаймын, ол үшін қандай оқуға түсуім керек?» деген сұрақтарға жас жеткіншек үлкен жауапкершілікпен қарап, өз болашағына байланысты таңдау жасауға тиіс.

Заман талабына сай білікті маман болу үшін, әрине, жоғары білім алу қажет. Бұл ретте, Тараз қаласындағы жоғары оқу орындарының арасында Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің алатын орны ерекше. Университетте бес факультет түрлі сала бойынша мамандар даярлайды. Солардың арасында «Жаратылыстану» факультеті ең ірі саналады.

«Жаратылыстану» факультеті өңірімізге қажет білікті мамандар даярлау мақсатымен оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбиелік бағыттарда кәсіби деңгейде ауқымды қызметтер атқарып келеді. Бұған факультеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерінің республика және облыс деңгейіндегі жетістіктері мен түрлі саладағы оң нәтижелерін айғақ ретінде атап өтуге болады.

Бүгінгі таңда «Жаратылыстану» факультеті «Стандарттау және ветеринария», «Ақпараттық-коммуникативтік

технологиялар», «Жаратылыстану мамандықтары», «Биология және ауыл шаруашылығы мамандықтары», «Тарих және география» кафедраларынан тұрады. Аталған кафедраларда бакалавриат бойынша – 20, ал магистратура бойынша 5 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Факультетте 90-ға жуық профессор-оқытушы жұмыс істейді. Оның ішінде 10-ға жуық ғылым докторы мен профессор, 4 PhD докторы, 20-дан астам ғылым кандидаты мен доцент бар. Олар өздерінің білімі мен тәжірибесін студент жастарға үйретіп, оларды білікті маман етіп даярлау ісінде аянбай еңбек етуде.

Факультеттегі орны ерекше «Тарих және география» кафедрасы 2022 жылдың қыркүйек айында құрылған. Қазіргі таңда мұнда 6B01602 – «Тарих», 6B01501 – «География» бакалавры және 7M02 – «Тарих» магистратура білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлау жүзеге асырылады. Құрылған сәтінен бастап кафедра меңгерушісі қызметін философия докторы (PhD) Жамбыл Мырзабеков атқаруда.

Қазіргі уақытта кафедраның профессор-оқытушылар құрамында 2 ғылым докторы және профессор, 1 философия докторы (PhD), 7 ғылым кандидаты (оның екеуі қауымдастырылған профессор) және 7 магистр студенттерге білім беру ісімен айналысуда.

Кафедрадағы білім беру бағдарламалары бойынша даярланатын болашақ мамандарға өздерінің кәсіби біліктіліктерін жетілдіру үшін қаладағы бірқатар мектептерде оқу практикасын және кәсіби практиканы өтуге қажетті жағдайлар жасалған. Ол үшін кафедра қаладағы №12, №30, №48, №49 және №61 мектептермен келісімшартқа отырған.

Студенттердің білім сапасы мен деңгейінің артуына профессор-оқытушылар құрамы тұрақты түрде көңіл аударып келеді. Бұл мақсатта сабақ кестесінде белгіленген дәрістерден тыс басқа да түрлі кәсіби шаралар өткізіп тұрады. Атап айтқанда, кафедрада жыл сайын тарих және география пәндерінен пәндік олимпиада өтеді. Оның жеңімпаздары республикалық олимпиадаға қатысуға жолдама алады. Сонымен қатар ғылыми ізденіске қабілеті бар мамандық студенттері кафедра оқытушыларының жетекшілігімен түрлі ғылыми конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға қол жеткізіп жатады. Атап айтсақ, өткен жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінде «Қазақстан – менің Отаным» тақырыбына өткен XI Республикалық студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияда кафедра оқытушысы Перизат Қасымқұлованың жетекшілігімен ғылыми баяндама жасаған «Тарих» мамандығының 2-курс студент Әбдіраман Абдурахман I орын иеленді. Осылайша біздің студентіміз өзінің жетістігімен университетіміздің атын абыройға бөледі. Кафедрамыздың мұндай жақсы жетістіктерін көптеп мысалға келтіруге болады.

Бұдан бөлек, университетте отбасы жағдайы төмен студенттердің оқу төлемақысына жеңілдіктер жасалады. Қаладан тыс басқа жерден келген студенттер жатақханамен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар әскери дайындық бойынша білім алғысы келетін студенттер үшін әскери кафедрада екі жыл оқып, әскери шен алып шығу мүмкіндігі бар.

Құрметті биылғы мектеп бітіруші түлектер! Егер сіздер туған қалаңызда немесе өз облысыңызда сапалы білім алып, білікті маман болып шыққыңыз келсе, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің есігі сіздерге ашық! Біз сіздерге заманауи білім беруге әрқашан дайынбыз!

Құрметті биылғы мектеп бітіруші түлектер! Егер сіздер туған қалаңызда немесе өз облысыңызда сапалы білім алып, білікті маман болып шыққыңыз келсе, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің есігі сіздерге ашық! Біз сіздерге заманауи білім беруге әрқашан дайынбыз!

Режеп БАЯРИСОВ,
Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз
университеті,
«Тарих және география»
кафедрасының
сеньор-лекторы

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
Білім беру қызметін жүзеге асыруға лицензия №КЗ65LAM000011066

► ТАНЫМ

Қазақтың ұлттық ұғымында мүшел жасты адам жасын есептеудің үлгісі санайды. Ғылым да осы қағиданы тапқырлық санақ деп мойындайды. Мүшел жастың ерекшелігі неде? Не себепті қазақ мүшел жасты «қатерлі, қауіпті кезең» санайды?

Арайлым

БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

Мүшел жас – қазақ халқының уақыт пен адам өмірін байланыстыра түсінген терең танымының бір көрінісі. Әрбір он екі жыл сайын қайталанып отыратын бұл кезең жай ғана жас мөлшері емес, адамның тағдыр жолындағы бір белесі, бір асуы ретінде қабылданған. Қазақ ұғымында уақыт тек санмен өлшенбейді, ол мәнмен, белгімен, ишарамен өлшенеді. Сол ишаралардың бірі – мүшел.

Этнограф Болат Бопайұлының қазақтың мүшел жас ұғымына қатысты еңбегінен деректер келтірсек, баланың 13 жасқа толуы алғашқы мүшел аталып, кейінгі мүшел жасы 12 жыл қайталанған сайын есептеледі. Алғашқы мүшел жас – 13, 25 – екінші, 37 – үшінші, 49 – төртінші, 61 – бесінші, 73 – алтыншы, 85 – жетінші, 97 – сегізінші, 109 тоғызыншы мүшел жасы деп жалғасып кетеді. Әр мүшел ішінде адамның өзіне тән ерекшеліктері мен болмысы қалыптасады.

Қазақ мүшел жасты «қатерлі жас», «қауіпті кезең» деп есептеген. Адамның өмірі әр он екі жылдан бір қайырылғанда қамыстың буын-буынағына ұқсайды деп қараған. Өмірдің де буыны мүшел жас деп санаған. Бұл жасында әр адам сақтанып жүреді, алыс, ауыр сапарларға шықпайды. Ауа райының қолайсыз кезеңдерінде абайлап жүреді. Қазақтардың мұндай сақтануы негізсіз емес. Өйткені әр 12 жылда адам ағзасында үлкен өзгеріс болып тұрады екен. Оны ертедегі шығыстық ғылым анықтаған.

Қазақ бір мүшелге толған баланы «қозы жасқа толды», «қозыбағар болды» деп мал бағуға, малға қарауға қабілетті деп есептейді. Он үш жаста «отау иесі» деп қарайтыны сондықтан. Ал бір мүшелге толған қыз баланы «ошақ ұстар», «қазан қайнатар» жасқа толды деп санайды. 25 жас – ақ-қараны ажыратып, жақсы-жаманды бағамдай алатын шақ. Бұл жасты өмірдің екінші буыны санап, садақа беріп, кимас бір затын жақын жандарына сыйлап жатады. Бұл ақылы толысып тұрған шағында тіл-көзден қорғанғаны

МҮШЕЛ ЖАС НЕГЕ ТОЙЛАНБАЙДЫ?



болар. 37 мен 49 жас ел ағасы атанып, өзгелерге жөн-жоба, өнеге көрсетер кезде де садақа беру сауапты іс саналады. 61 – ата жас, 73, 85 қарттық кезеңге келеді.

Қазақ есепшілері адам баласының 100 жасын бір ғасыр ғұмыр деп есептейді. Осы 100 жастың 50 жасын «ұйқылы өмір» немесе «барзақ ғұмыр», қалған 50 жасын «ояу тірлік» немесе «саналы ғұмыр» деген. Ал ояу тірліктің 15 жасын – ойнақтаған балалық, 75-тен асқанын – жер таянған кәрілік атаған. Ал ортасындағы жылдарды «қамшының сабындай қысқа ғұмыр» деп есептейтіні содан.

Мүшел жасқа келген адам өзіне қымбат дүниесін жолдасына, құрбысына немесе тілекші қарияға беріп, содан бата алған. Бұл – рухани жағынан өзін сергек сезініп, қауіп-қатерден, сырқаттан құтқарады деп сенгендіктен жасалған ізгі амал, ұлтымның тіршілігінде қабылданып кеткен ырым-кәделер.

Бүгінде мүшел жасты қалай қарсы аламыз? Осы тұрғыда қала тұрғыны Есболат Ағыбайұлы:

– Қазақ ырымшыл халық ғой. «Мүшел әркімге әрқилы келеді, біреуге жақсылық, біреуге жамандық әкеледі» деп жатады. Бәлкім, солай

да шығар. Биыл 49 жасымды тойлаудың орнына шаңырағымда ата-бабаларымыздың рухына дұға оқытып, садақа бердім. Өзімді сергек сезініп, жеңілдеп қалғандаймын, – дейді.

Ал Айдай есімді үш баланың анасы:
– Бұрындары қазақ халқы туған күнді немесе мүшел жасты атап өтуді әдетке айналдырмаған. Мен де мүшел жасқа мән бере бермеймін. Тек отбасымда, жақындарымның арасында туған күнімді атап өтемін. Биыл Алла ғұмыр берсе, үшінші мүшел жасыма толамын. Дейтұрғанмен, әр жылдан жақсылық күтетініміз, жан-жағымыздың амандығын тілейтініміз шындық. «Әрбір жақсылық – садақа» дейді ғой, садақа берудің шектеулі күні жоқ. Сондықтан мүмкіндігінше садақа беруге, жақсылық жасауға тырысамын, – дейді.

Ал Сара есімді бойжеткен:
– Мүшел жастан қорқамын. Оған дүниеден өткен адамдар туралы «биыл мүшел жаста еді» дегенді жиі естүім себеп болса керек. Бәлкім, менің бұл үрейім орынсыз да шығар. Дегенмен 25 жасқа толған шағымда үйде құран оқытып, бақилық болған жақындарымның рухына құран бағыштаттым, – дейді.

Халық арасында «мүшел – қатерлі жас» деген түсінік кең тараған. Бұл, әрине, қорқыныштан туған емес, өмір тәжірибесінен сүзілген пайым. Адам белгілі бір жасқа келгенде денсаулығында, ойында, өмір жағдайында өзгерістер болатыны анық. Осындай өзгерістерді халық өзіне пайымдап, оны мүшелмен байланыстырған. Яғни мүшел – тек мистикалық ұғым емес, ол – өмірдің табиғи заңдылықтарын бейнелейтін символ.

Мүшелде той жасамау да осы ұғыммен байланысты. Даңғаз, әсіре қуаныш адамды көзге түсіреді, ал ерекше кезеңде көзге түсу қауіпті деп есептелген. Сондықтан бұл уақытта адам өзін біршама тежеп, қарапайым өмір салтын ұстанған. Бұл – сырт көзден емес, ішкі күйден туындаған мәдени ұстаным. Дегенмен, мүшелді тек тыйым немесе қорқыныш ретінде қабылдау дұрыс емес. Ол – ең алдымен, ойлануға берілген мүмкіндік. Адам өткен өміріне көз жүгіртіп, жасаған ісіне есеп береді, болашағына жоспар құрады. Бұл жағынан алғанда, мүшел – рухани жаңғыру сәті.

Бүгінде бұл дәстүр әртүрлі қабылданады. Біреулер оны бұрынғыдай ырымдап, сақтық жасап, енді біреулер жай ғана туған күн ретінде атап өтеді. Уақыт өзгергенімен, мүшелдің ішкі мәні өзгермейді. Ол – адамның өз-өзімен тілдесетін, өмірінің мәнін қайта таразылайтын кезең. Сондықтан мүшелден қорқу емес, оны түсіну маңызды. Өйткені бұл жас – аяқталу емес, жаңа бастаманың белгісі.

▶ ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

ЖІБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ ЖҮЙЕЛІ

Тараз қаласының әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру мақсатымен Әулиеата және Жібек жолы аудандары құрылған болатын. Соның ішінде Жібек жолы ауданы әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жоғары, болашағы зор жаңа әкімшілік бірлік ретінде қалыптасып келеді. Осы орайда ауданның тыныс-тіршілігімен танысып, әкімдіктің алдағы жоспарларын білген едік.

Арайлым

ШАБДЕНОВА

Ауданның жалпы аумағы 17 157,7 гектарды құрайды. Оның құрамына Жалпақтөбе, Сұлутөр, Кемел, Түркісіб, Акбұлым, Талас елді мекендері және «Талас» станциясы қосылып, 29 615 тұрғын тараздық атанды. Ауданның әкімшілік мәртебесі де заң жүзінде бекітілді. Жаңадан қосылған елді мекендердің ерекшелігі – олардың аграрлық бағыттағы әлеуетінің жоғары болуы. Аталған аумақтарда ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлік субъектілер көп шоғырланған. Осыған байланысты Жібек жолы ауданының экономикалық дамуының негізгі қозғаушы күші аграрлық сектор болып отыр. Бүгінде аудан аумағында егін және мал ша-



зеге асуда.

Аудан аумағында құрылыс саласы ерекше қарқын алды. Соның бірі – «Құмшағал» тұрғын алқабында бой көтерген мәдениет үйі. Құны 363 миллион теңгені құрайтын бұл нысанның құрылысы 2024 жылдың қарашасында басталып, өткен жылдың қыркүйегінде пайдалануға берілді. Бұл – тұрғындардың мәдени өмірін жандандыруға серпін берген

жұмыс оқушыны қабылдап, бұрынғы мектептердегі орын тапшылығын шешті. Сондай-ақ биыл №52 мектепке күрделі жөндеу жүргізу жоспарланған. Тағы 7 мектепте ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, білім беру сапасын арттыруға жағдай жасалмақ, – деді Қарлығаш Әмірқызы.

Жібек жолы ауданында тек құрылыс емес, ұзақ мерзімді жоспарлау жұмыстары да жүйелі түрде қолға алынған. Нәтижесінде «Жалпақтөбе», «Кемел», «Сұлутөр» және «Түркісіб» алқаптарында егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары әзірленуде. Бұл жобалар жаңа мектептер, балабақшалар, спорт кешендері мен қоғамдық орталықтар салуды, сондай-ақ инженерлік желілерді жаңғыртуды қамтиды. Қоғамдық талқылаулар барысында тұрғындардың ұсыныстары да назардан тыс қалмаған. Мәселен, «Жалпақтөбеде» ескерткіштер паркін салу, тарихи «Жікіл» қалашығын жаңғырту, «Кемел» мен «Сұлутөрде» мешіт салу, «Түркісібте» мәдениет үйі мен спорт нысандарын дамыту секілді бастамалар көтерілген.

ЖОЛ САПАСЫ ЖАҚСАРЫП, ҚАУІПСІЗДІК КҮШЕЙТІЛЕДІ

Жібек жолы ауданында жол инфрақұрылымын дамыту бағытында ауқымды жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Соның нәтижесінде тұрғындардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасалып, көлік қозғалысының қауіпсіздігі де айтарлықтай жақсаруда.

Ағымдағы кезеңде аудан аумағында жалпы құны 3 миллиард теңгені құрайтын жобалар аясында ұзындығы 40,1 шақырым болатын 62 көшеге орта жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен ұзындығы 33,1 шақырымды құрайтын жаяу жүргіншілер жолы қалпына келтірілді.

Аудан әкімінің айтуынша, бұл – әсіресе мектепке, әлеуметтік нысандарға қатынайтын тұрғындар үшін маңызды қадам.

– Қазіргі таңда «Сұлутөр» алқабындағы 45 көше, «Түркісіб» алқабындағы 9 көше және «Жалпақтөбе» алқабындағы 7 көшеге жол салу бойынша жобалар әзірленіп, 2026 жылға бюджеттік өтінім ретінде ұсынылған. Сонымен қатар «Құмшағал» алқабындағы 28 саяжайға қатысты жол құрылысының жобалық құжаттамасы дайындалып, қаржыландыруға ұсынылған.

Бұдан бөлек, 2025 жылы қала көшелері мен көпқабатты тұрғын үйлердің аула ішіндегі жолдарын жөндеуге жергілікті бюджеттен 367 миллион теңге бөлініп, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде тұрғын үй аулаларындағы жолдардың жағдайы да біршама жақсарды.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі де назардан тыс қалған жоқ. Аудан аумағындағы негізгі көшелер мен әлеуметтік нысандар орналасқан жолдар жол белгілерімен, жылдамдық бәсендеткіштермен және бейнебақылау жүйелерімен қамтылған. Сонымен қатар 24 көшеге жаяу жүргінші жолақтары салынды. Бұл жұмыстар әртүрлі аумақтық округтерді қамтып, тұрғындардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.

Дегенмен, бұл салада шешімін күткен мәселелер де бар. Қазіргі таңда жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша деректер қала деңгейінде ғана қарастырылып, аудандар бойынша нақты бөлінбеген. Соның салдарынан жол-көлік оқиғаларының жиі болатын аймақтарын, көлік ағыны жоғары көшелерді, апат статистикасын нақты анықтау қиындық туғызуда. Осыған байланысты патрульдік полиция қызметі мен жол қауіпсіздігі инспекциясын аудан деңгейінде бөлу қажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар тұрғындар тарапынан нақты ұсыныстар да түсуде. Атап

Аудан аумағында жалпы құны 3 миллиард теңгені құрайтын жобалар аясында ұзындығы 40,1 шақырым болатын 62 көшеге орта жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен ұзындығы 33,1 шақырымды құрайтын жаяу жүргіншілер жолы қалпына келтірілді.

Ағымдағы кезеңде аудан аумағында жалпы құны 3 миллиард теңгені құрайтын жобалар аясында ұзындығы 40,1 шақырым болатын 62 көшеге орта жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен ұзындығы 33,1 шақырымды құрайтын жаяу жүргіншілер жолы қалпына келтірілді.



руашылығын дамытуға қолайлы жағдай қалыптасқан. Бұл өз кезегінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жаңа жұмыс орындарын ашуға және жергілікті экономиканы тұрақты дамытуға мүмкіндік береді.

ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

Жібек жолы ауданы әкімінің аппараты өз жұмысын 2026 жылдың ақпан айынан бастап, қысқа мерзім ішінде маңызды жобаларды жүзеге асырды. Қазіргі таңда аудан аумағында инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік нысандар салу, жол жөндеу және халықтың тұрмыс сапасын арттыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Жалпы, ауданда атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспар жайында аудан әкімі Қарлығаш Аралбековадан сұраған едік.

– Тараз қаласында құрылған Жібек жолы ауданы бүгінде қарқынды дамып келе жатқан, инфрақұрылымы жаңарып, әлеуметтік нысандары көбейген ірі әкімшілік аумақтардың біріне айналды. Аудан құрамына қосылған елді мекендердің әлеуетін арттыру мақсатымен ауқымды құрылыс жұмыстары жүргізіліп, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған нақты қадамдар жү-

маңызды жоба.

Бүгінде Жібек жолы ауданында 148 спорт нысаны тіркелген. Оның ішінде спорт кешендері, стадион, спорт сарайы, түрлі алаңдар, жүзу бассейні мен теннис корты бар. 2025 жылы қосымша 6 кіші футбол алаңы мен 3 балалар ойын алаңы салынды. Бұл – бұқаралық спортты дамытуға жасалған нақты инвестиция.

Ал биылға жоспарланған жобалар бұдан да ауқымды. Жалпы құны 1 миллиард теңгені құрайтын 38 жоба іске асырылмақ. Оның ішінде 18 балалар ойын алаңы, 10 воркаут алаңы, 8 футбол алаңы және 2 саябақ құрылысы бар. Қазіргі таңда олардың бірқатарына қаржылай қолдау көрсетіліп, нақты жұмыстар басталып кетті. Сонымен қатар «Құмшағалдағы» мәдениет үйі жанынан жаңа саябақ салу да жоспарланған.

Ауданда әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту да басты назарда. 2025 жылы білім беру саласына 7,7 миллиард теңге бөлініп, екі ірі жоба жүзеге асырылуда. Айталық, №27 мектеп ауласында 600 орындық қосымша ғимарат салынып жатыр. Құрылыс жұмыстары 2026 жылы аяқталады деп жоспарланған. Ал «Шөлдала» алқабындағы 600 орындық №70 «Келешек мектебі» толық аяқталып, ел игілігіне берілді. Бұл жаңа мектеп 800-ге



► СОҢЫ. БАСЫ 1, 4-БЕТТЕРДЕ

ЖҰМЫС ЖАН ЖАДЫРАТАДЫ

айтқанда, мектептерге баратын жолдарда жаяу жүргінші өткелдерін көбейту сұранысы жоғары, – дейді Қ.Аралбекова.

Осыған орай ауданның №4 округінде де жаяу жүргінші жолақтарын салу, қосымша жол белгілерін орнату және мектеп маңына жасанды кедергілер қою бойынша ұсыныстар берілген. Бұл шаралар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Жалпы алғанда, Жібек жолы ауданында жол сапасын арттыру мен қауіпсіздікті күшейту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Алдағы уақытта жоспарланған жобалар толық жүзеге асқанда, аудан жолдарының сапасы мен қауіпсіздігі жаңа деңгейге көтеріледі деп күтілуде.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ИГІЛІГІН ЕЛ КӨРЕДІ

Жібек жолы ауданында инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағытында ауқымды жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Аудан тұрғындарын сапалы жарық, тұрақты электр энергиясы және таза ауыз сумен қамтамасыз ету – басты басымдықтардың бірі.

Айталық, биыл аудан бойынша 46 көше-

разылығын туғызуда. Осыған байланысты ескірген электр бағаналары мен трансформаторларды анықтау және жаңарту бойынша зерделеу жұмыстары жүргізілуде.

– Ауызсу жүйесін дамыту да аудан үшін маңызды бағыттардың бірі. Жаңа қосылған елді мекендерді толықтай сапалы ауызсумен қамту мақсатымен бірқатар жоба іске асырылды. Атап айтқанда, «Қызылабад», «Жиделі», «Көлтоған» және «Шаңырақ» алқаптарында су жүйелерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, тұрғындар толық ауызсумен қамтамасыз етілді. Бұдан бөлек, «Казарма» шағынауданында су құбырларын жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Ал «Дорожник» алқабы және «Талас» станциясын ауызсумен қамту бойынша жобалар әзірленіп, қаржыландыруға ұсынылған. «Қант зауыты» алқабында 39 шақырым су құбырын жаңғырту жобасы қарастырылып, оның бір бөлігі қаржылай қолдау тапты. Сонымен қатар бірнеше елді мекен бойынша ірі жобалар дайын болғанымен, әзірге толық қаржыландыру мәселесі шешімін күтуде, – дейді аудан әкімі.

Сондай-ақ аудан аумағында тәртіп пен тазалықты сақтау мақсатында рейдтік іс-шаралар да күшейтілген. Нәтижесінде құқықбұзушылықтар бойынша 45 айып-



тұрғындар белсенді қатысуда. Мәселен, «Тектұрмас» кешенінде «Таза туризм» акциясы өтті. «Бәйтерек» шағынауданында 1 500-ге жуық, ал «Қызылабад» алқабында 10 мыңнан астам тал отырғызылды. Мұндай бастамалар ауданның барлық аймағында ұйымдастырылып, округ инспекторлары аудан тазалығын күнделікті бақылауда ұстауды.

Санитарлық тазалық пен абаттандыру саласында сенбіліктер мен рейдтер жүйелі түрде өткізіліп, қоқыс шығару, арықтар мен дренаждарды тазалау жұмыстары күнделікті жасалуда. Ирригациялық жүйелер мен каналдарды механикалық тазалау жүргізіліп, суаруға қажеттілік толық қамтамасыз етілді.

Алайда ауданда әлі де шешемін таппаған мәселелер бар. Айталық, кейбір елді мекендерде электр және ауызсу жүйелерінің ескіргені, қоғамдық жұмысшылардың жетіспеушілігі, кейбір инфрақұрылым жобаларына бюджет қолдауының кешігуі сезіліп отыр. Дегенмен, олардың шешімі жан-жақты жоспарланып, келесі жылдарға нақты жобалар енгізілді, – дейді Қарлығаш Әмірқызы.

Жібек жолы ауданында қоғамдық келісім мен ұрпақ сабақтастығын нығайтатын игі бастамалар да жүзеге асып келеді. Елдің ертеңіне бейжай қарамайтын, өткеннің өнегесін бүгінмен ұштастырып, болашаққа бағыт беретін ардагерлер кеңесі, аналар мен әкелер кеңесі – соның айқын дәлелі. Ал жастар кеңесін құру – осы сабақтастықтың заңды жалғасы болмақ.

– Ардагерлер кеңесі – тарихтың тірі шежіресіндей. Бұл кеңестің құрамына 78 қария кірді. Олар – ел басынан өткен қилы кезеңдердің куәгерлері, сан тарау жолдан өткен өмір мектебінің ұстаздары. Олардың әрбір сөзі – тәжірибеден туған тағылым, әрбір кеңесі – ұлттың рухани қазынасы. Ардагерлер кеңесі жастарға бағыт-бағдар беріп қана қоймай, қоғамдағы татулық пен бірліктің сақталуына да ұйытқы болуда. Ақсақалдардың парасаты мен пайымы – аудан тіршілігінің темірқазығына айналып келеді.

Аналар кеңесі – мейірім мен тәрбиенің алтын бесігі. Ана – ұлттың ұйытқысы, отбасының жүрегі. Осы кеңес арқылы аналар бала тәрбиесі, отбасы құндылықтары, ұлттық салт-дәстүрді жаңғырту жолында аянбай еңбек етуде.

Әкелер кеңесі – жауапкершілік пен тәртіптің мектебі. Әке – отбасының тірегі, ұрпаққа бағыт берер тұлға. Бұл кеңес арқылы әкелер қоғамдағы ер азаматтың ролін нығайтып, жас буынға еңбекқорлық, адалдық, намысшылық сияқты қасиеттерді сіңіруге атсалысуда. Әкелердің өнегелі ісі мен салмақты сөзі ұл-қыздарға өмірлік бағдар беріп, олардың азамат болып қалыптасуына жол ашуда.

Алдағы уақытта жастар кеңесін құруды да жоспарға енгіздік. Жастар – елдің ертеңі, қоғамның қозғаушы күші. Олардың тың идеялары мен жалынды жігері ауданның дамуына жаңа серпін бермек. Жастар кеңесі аға буынның тәжірибесін бойына сіңіріп, заманауи көзқараспен ұштастыра отырып, жаңа бастамалардың бастауына айналары сөзсіз, – дейді аудан әкімі Қарлығаш Аралбекова.

Жібек жолы – заманға сай дамып келе жатқан, инфрақұрылымы жаңарып, әлеуметтік келбеті айқындалған аудан. Алдағы уақытта атқарылатын жүйелі жұмыстардың нәтижесінде ауданның әлеуеті одан әрі артып, Тараз қаласының дамуына елеулі үлес қоса беретіні сөзсіз.



ге және 102 аулаға жаңа жарық шамдары орнатылып, ескілері ауыстырылған. Бұл тұрғындардың қауіпсіздігін арттырып қана қоймай, кешкі уақыттағы өмір сапасын жақсартуға оң әсерін тигізді. Сонымен қатар энергетика саласында да ірі жобалар қолға алынған. «Көлтоған», «Шөлдала», «Айша бибі» және «Кұмшағал» қосалқы станцияларының құрылыс-монтаждау жұмыстары 2024 жылдың маусымында басталып, бүгінде толық аяқталып, сынақ кезеңіне өткен. Бұдан бөлек, ауданның №2 округіндегі тұрғын алқаптарды электр энергиясымен тұрақты қамтамасыз ету үшін «АСПМК-519» ЖШС-мен 8,179 миллиард теңгеге келісімшарт жасалып, жоғары вольтты желілер мен қосалқы станциялар құрылысы жүргізілуде.

Облыс орталығына жаңадан қосылған елді мекендердегі көше жарығын дамыту жұмыстары да жүйелі түрде жалғасуда. Осыған орай 22 негізгі көше бойынша жобалық-сметалық құжаттамалар дайындалып, сараптамадан өтіпті. Құны 730,8 миллион теңгені құрайтын бұл жобалар 2026 жылға жоспарланып, бюджеттік өтінім берілген. Ал келесі жылы «Талас», «Түркісіб», «Сұлутөр», «Жалпақтөбе», «Ақбұлым» және «Кемел» алқаптарындағы бірқатар көшеге жарық жүргізу жоспарланып отыр. Жалпы ұзындығы 22,9 шақырым болатын бұл жобаларға шамамен 300 миллион теңге қарастырылған.

Дегенмен, кейбір елді мекендерде электр желілерінің тозуы өзекті мәселе болып отыр екен. Қарлығаш Әмірқызының айтуынша, әсіресе «Жалпақтөбе», «Сұлутөр», «Түркісіб» және «Кемел» алқаптарында жарықтың жиі сөнуі тұрғындардың на-

пұл салынып, 993 мың теңгеден астам қаржы өндіріліпті. Сонымен қатар 247 тұрғынға ескерту жасалған.

Ауданда ирригациялық жүйелерді дамыту бағытында да бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылған. Соңғы жылдары жалпы ұзындығы 30 шақырымнан асатын арық жүйесі жаңартылып, қосымша 12 шақырым лоток орнатылды. Қала аумағындағы 8 ірі канал мен 2 дренаж жүйесінде механикалық тазалау жұмыстары толық жүргізіліп, су өткізу қабілеті жақсарды. Бүгінде аудан аумағындағы каналдар арқылы суару маусымында 41 миллион текше метрден астам су беріліп, жасыл аймақтарды суару мен ауыл шаруашылығы қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік жасалған.

Қазіргі уақытта Жібек жолы ауданында 251 аялдама бар. 2025 жылы аудан көлемінде қосымша жаңа 37 аялдама орнатылса, 73 аялдамаға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 406 қоқыс жәшігі орнатылыпты. Сондай-ақ жаңа қосылған маршруттарға қажетті 41 аялдамаға ұсыныс берілсе, 115 аялдаманы күрделі жөндеуге ұсыныс хат жолданған.

– Мемлекет басшысының тапсырмасымен бастау алған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында біздің ауданда апта сайын ауқымды сенбіліктер өтіп жатыр. Сондай-ақ қала әкімі Бақытжан Орынбековтің тапсырмасына сай, шаһарда екі айлық сенбілікке де аудан әкімі аппаратының қызметкерлері, 5 округ инспекторы, ардагерлер, жастар мен



► ҚҰЛЫП ПЕН КІЛТ

Жамбыл облысында 16 мыңнан астам адам пәтерге заңсыз тіркелген. Мұндай сұмдық статистиканы өңірлік Полиция департаменті Көші-қон қызметі басқармасы мәлімдеп, төбе шашты тік тұрғызды. «Резеңке пәтерлер» атауымен айдарланған акция барысында тәртіп сақшылары 839 мекенжайды аралап, онда заңсыз тіркелген 16 306 адамды анықтаған. Сонда жалған тіркеуде тұрған бұл азаматтар кімдер? Олардың заңсыз әрекетіне жол берген пәтер иелеріне қандай тәртіптік шара қолданылды? Жалпы, мұндай заңсыздықтың жолын кесу мүмкін бе?

Өңгіменің әлкиссасын әріден бастасақ, шетел азаматтарын пәтерге тіркеу байырдан келе жатқан жүйе. Көп жағдайда елімізге жұмыс іздеп келген шетелдіктер осындай қадамға барады. Ал қара жұмысқа келгендер құрылыс нысандарына тіркеле алмайтындықтан, жалған тіркелу құжатын алу үшін пәтер іздейтіні анық. Бұл қызметті ұсынатындар да қазір артып жығылады. Тиынын төлеसेң, уақытша тіркеуге тұрғызуға екінің бірі дайын. Тек шетелдік азамат тіркеуде болған уақытында заңбұзушылық жасамаса болғаны. Қарап тұрсаңыздар, кәдімгі жолға қойылған бизнес.

Жамбылдағы Көші-қон қызметі басқармасының негізгі мақсаты – осы пәтер иелері мен заңсыз тіркеуге тұрғандарды анықтау. Билығы рейдтік шара барысында 839 мекенжайда жалған тіркеу белгілері байқалса, 16 306 адамның басым бөлігі мекенжайларда мүлде тұрмаған. Нәтижесінде 82 адам

«РЕЗЕҢКЕ ПӘТЕРЛЕР»:

Заңсыз тіркеуге тоқтам бола ма?



азаматтарды нақты тұрғылықты жерінсіз тіркегені үшін жауапкершілікке тартылған. Бұдан бөлек, он күннен бір айға дейін тіркеусіз немесе жеке басын куәландыратын құжатсыз тұрған 414 азамат белгілі болған. Сондай-ақ 143 адам жеке басын куәландыратын құжатсыз, жарамсыз құжатпен немесе уақытша тұру орны бойынша бір айдан астам тіркеусіз өмір сүргені де әшкереленіп отыр. Тағы 35 жағдайда пәтер иелері бұрыннан тұрмайтын адамдарды тіркеуден шығару бойынша шара қабылдамағаны үшін де жауапкершілік жүгін арқалаған.

Жамбыл облысы Полиция департаменті Көші-қон қызметі басқармасы бастығының міндетін атқарушы Арай Данабекқызының

айтуынша, қазіргі таңда «резеңке пәтерлерді» болдырмас үшін тиісті шаралар қолға алынып жатыр екен.

– Жамбыл облысы бойынша наурыз айынан бастап «резеңке пәтерлер» жобасы қолға алынған болатын. Осы акция шеңберінде шетел азаматтары жиі тіркеуге тұратын мекенжайларды тексеріп, заң бұзушылықтар анықталды. Бұрындары тұрғын үй кітапшалары болатын болса, қазір мекенжайларға электрондық код беріледі. Міне, осы код арқылы бір пәтерде қанша адам тіркеуде тұрғанын анықтауға болады. «Резеңке пәтерлердің» дені Тараз қаласы мен Қордай, Т.Рысқұлов аудандарында анықталып отыр. Бұл тұста бір

айта кетерлігі, «резеңке пәтерлер» барак үйлерде орналасқан. Яғни, мұндай үйлерге бір ғана мекенжайлық код берілетіндіктен, «резеңке пәтер» ретінде көрініс тапқан. Қазіргі таңда осы мәселелерді біржақты қылу үшін жан-жақты тексеріс жұмыстары жүріп жатыр, – дейді Арай Данабекқызы.

Әрине, барак үйлер мәселесі өзекті екені түсінікті. Алайда «резеңке пәтерлердің» барлығы бірдей барак үйлер емес екені белгілі ғой. Сондықтан мұндай заңсыздықтарды бір мәселеге итеріп, бүркемелеуге, әсте, болмас.

Жалпы, ресми мәліметке сүйенсек, жыл басына бері Жамбыл облысына 5 969 шетел азаматы келген екен. Бұл өткен жылмен

салыстырғанда өсімді көрсетуде. Шекара асып келгендердің барлығы – ТМД елдерінің азаматтары. Осы тұста ерекше назар аударатыны, өңірге табан тіреген 5 969 шетел азаматының 5 320-сы жұмыс іздеп келген. Тек 157-сі тұрақты тұруға және 18 адам оқу үшін аймаққа қоныс аударған. Тағы 474 азамат өзге мақсаттармен өңір шекарасынан өтіп отыр. Байқап тұрсаңыздар, кеденнен өткен 6 мыңға жуық шетел азаматының 90 пайыздан көбі екі қолға бір күрек іздеп келген. Ал бұл азаматтардың барлығы бір жерге тіркеуге тұруы керек ғой. Міне, «резеңке пәтерлер» қайдан шығатынын осыдан аңғара беріңіздер.

Әрине, мұнда Көші-қон қызметі басқармасы жұмыс істемей жатыр деуден аулақпыз. Есепті кезеңде көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін 940 шетел азаматы жауапкершілікке тартылып, 269 адам ел аумағынан шығарылған. Осы тұста тағы бір статистикаға көз жүгіртсек, заң бұзушылардың дені Өзбекстан мен Қырғызстанның азаматтары екен. Ал көктем шыға облыста құрылыс саласы қарқын алатынын ескерсек, өзбек пен қырғыз ағайындар Әулиеатаға қандай мақсатпен қайырылып жатқанын аңғару қиын емес.

Байыбына бармай байбалам салудан аулақпыз. Алайда көші-қон барда заңсыз әрекеттермен қатар түрлі айла-амалдар да жүретіні белгілі. «Резеңке пәтерлер» – соның бір көрінісі ғана. Бәлкім, құзырлы сала мамандары заңсыздыққа жол бергендерге әкімшілік айыппұл ғана жазып қоймай, қатаң шаралар қолданса, мұндай болмас па еді?.. Беті аулақ, әрине, алайда ертең өңірге келіп, пәтерге заңсыз тіркелген шетел азаматы өзі бірдеңеге ұшырап, әлде айналасындағыларға қатыгездік әрекет жасап жатса, кімді кінәлап, кімнен жауап аламыз?..

Дедек ТӨЛЕН

► ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІ

Жуырда ғана Тараз қаласында болған бұл оқиға тек бір отбасының ішкі мұңын көрсетіп қана қоймай, бүкіл қоғамның бетіне басқан таңбадай әсер етті. Орта мектептің 11-сыныбында білім алып жүрген жасөспірім қыздың өз әкесіне қарсы сотта жеңіске жетуі – әрі қуанышты, әрі жан түршігерлік жағдай. Бұл әділдіктің салтанат құруын ғана емес, ата-аналық парызды орындамаудың заң алдындағы жауапкершілігі қаншалықты ауыр болатынын көрсетті.

«АСҚАР ТАУЫҢ»

Астарында үлкен қасірет жатқан оқиғаның басы да қайғылы жағдайдан басталады. 2018 жылы оқушы қыз бір мезетте анасы мен ағасынан айырылады. Содан бері тағдырдың бар ауырталығын арқалаған жас қызға тек қарт әжесі ғана пана болып келген. Тіпті, мектеп ақысын да зейнеткер өз нәпақасынан үнемдеп төлеп келген.

ҚР Жоғарғы сотының мәліметінше, жекеменшік мектептің 11-сынып оқушысы ай сайын 68 мың теңге көлемінде оқу ақысын төлейді екен. Осындай қиын сәтте туған әкесінен қолдау күткен қаршадай қыз «асқар тауы» айлакер болып шығарын күтпесе керек...

Іс материалдарына сәйкес, қыздың әкесі 2008 жылы ұлы мен қызына қатысты ата-ана құқығынан нотари-

алды түрде бас тартқан. Былайша айтқанда, туған балаларынан жеріп, ат құйрығын үзіскен. Арқа сүйер анасы мен бауырынан айрылған жасөспірім қыз жан жылуын жер бетіндегі жалғыз жақыны – әкесінен іздейді. Алайда хал-жағдайын түсіндірген бауыр еті баласына қол ұшын соудан бас тартқан тасжүрек әке материалдық көмек көрсету былай тұрсын, мүлдем қарым-қатынастан қашпақтаған. Ал көмек сұрап, қоңырау шалса, қызының телефон нөмірін бұғаттап отырған.

Ең сорақысы сол, сот процесі барысында ер азаматтың «әке» деген атқа, адами қасиетке жатпайтын әрекеттері әшкереленді. Сотта талапты ішінара ғана қанағаттандыруды сұраған ол басқа некеден туған төрт баласының бар екенін және несиелік міндеттеме-



Сурет ЖИІ көмегімен жасалған

АЙЛАКЕР БОЛСА...

лерін алға тартқан. Алайда оның бірнеше кәсіпорыннан табыс табатынын анықталған. Сонымен қатар шешім шығарылған күні жауапкер жеке кәсіпкер ретінде тіркеуден шыққаны, ал оған дейін көп ұзамай өзге төрт балаға әкелік құқық рәсімдегені белгілі болған. Сот бұл әрекеттерді «жасанды айла-шарғы» деп бағалап, әкелік міндеттен қашуға жол бермеді.

Нәтижесінде Тараз қалалық соты «қашқын әкені» қызы мектеп бітіргенше ай сайын 66 844 теңге

(17 АЕК) көлемінде қаражат төлеуге міндеттеді. Бұл – тек ақша төлеу емес, ер азамат ретіндегі борыш, бала алдындағы жауапкершілік мәселесі екені алға тартылды. Жауапкер шешімге шағымданғанымен, Жамбыл облыстық соты бірінші инстанция шешімін өзгеріссіз қалдырды.

Бұл оқиға бүгінгі қоғамдағы «ата-аналық жауапкершілік» деген қасиетті ұғымның қаншалықты құнсызданып бара жатқанын әшкере етті. Ал жас қыздың өз құқығы үшін

күрескен табандылығы көпшілікке сабақ болды. Сондықтан заң алдында да, ар алдында да жауап беретін күн туатынын естен шығармаған абзал. Баланы тағдырдың тәлкегіне тастап кету – тек заңға ғана емес, адамдыққа да сын.

Фатима МАҚСАТБЕКҚЫЗЫ,
М.Х.Дулати атындағы
Тараз университеті «Конвергентті журналистика» мамандығының 4-курс студенті

► САЛА ТЫНЫСЫ

КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ӘРДАЙЫМ ҚОЛЖЕТІМДІ

Тараз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №4-3/270, №4-3/267, №4-3/268 және Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №153 бұйрықтарына сәйкес бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары бойынша 4 мемлекеттік қызмет көрсетеді. Атап айтқанда:



1. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу;

2. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру;

► «ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АДАМДЫ АЛМАСТЫРА АЛА МА?

XXI ғасыр – технология мен интернеттің қарқынды дамыған кезеңі. Бүгінде біз өмір сүріп отырған қоғамды цифрлық дәуір деп атауға толық негіз бар. Себебі күн сайын жаңа технологиялар пайда болып, адам өмірінің барлық саласына еніп жатыр. Соның ішінде жасанды интеллект ерекше орын алады. Оның дамуы бір жағынан адам өмірін жеңілдетсе, екінші жағынан түрлі күмән туындатады.

Интернет пен жасанды интеллекттің білім саласындағы маңызы ерекше. Бұрын қандай да бір ақпаратты табу үшін кітапханаға барып, ұзақ уақыт іздену қажет болса, қазір бірнеше секундтың ішінде қажетті мәліметті табуға болады. Бұл – мұғалімдерге, оқушыларға және студенттерге үлкен көмек. Кез келген сұраққа жауап табу, жаңа тақырыптарды түсіну, тіпті шет тілдерін үйрену де әлдеқайда жеңілдеді. Онлайн платформалар мен ақылды жүйелер білім алуды қолжетімді әрі ыңғайлы етті.

Сонымен қатар жасанды интеллект күнделікті тұрмыста да кеңінен қолданылып жатыр. Мысалы, «ақылды үйлер» жарықты, жылууды автоматты түрде реттейді, ал түрлі қосымшалар адамдардың уақытын үнемдеуге көмектеседі. Кейбір жұмыстарды роботтар атқарып, адамның физикалық еңбегін азайтады. Бұл – технологияның адам өмірін жеңілдетудегі нақты жетістіктерінің бірі.

Алайда технологияның дамуы тек жақсы жақтарымен шектелмейді. Оның кері әсерлері де бар. Соның бірі – кейбір мамандықтардың жойылу қаупі. Қазіргі таңда көптеген өндіріс орындарында адамдардың орнын автоматтандырылған жүйелер басып жатыр. Болашақта бұл үрдіс одан әрі жалғасуы мүмкін. Соның салдарынан жұмыссыздық мәселесі туындауы ықтимал. Әсіресе, қарапайым еңбекке негізделген мамандық иелері үшін бұл үлкен қауіп.

Тағы бір маңызды мәселе – адамдардың технологияға тәуелділігі. Қазіргі

жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу.

Жоғарыда аталған мемлекеттік қызметті алу үшін тіркеу пунктіне (Тараз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі) www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық нысанда немесе тіркеу пунктінің (Тараз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі) кеңсесіне қағаз нысанда құжаттарды ұсына алады.

3. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу;

4. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі

жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу.

Жоғарыда аталған мемлекеттік қызметті алу үшін тіркеу пунктіне (Тараз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі) www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық нысанда немесе тіркеу пунктінің (Тараз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі) кеңсесіне қағаз нысанда құжаттарды ұсына алады.

Көрсетілген қызметті беруші – 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін, өтіншігі қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру – сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9:00-ден 17:30-ға дейін жүргізіледі. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу жөнінде толық ақпаратты алу үшін Тараз қаласы, Төле би көшесі, №57 «Б» мекенжайында орналасқан Тараз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі кеңсесіне немесе 8 (7262) 54-88-82 байланыс телефоны арқылы хабарласуға болады.

Тараз қаласы әкімдігінің
ауыл шаруашылығы бөлімі



жастардың көпшілігі уақытын интернетте өткізеді. Әлеуметтік желілер мен түрлі платформалар адамның уақытын босқа кетіріп, оның дамуына кедергі келтіруі мүмкін. Кейбір адамдар шынайы өмірден гөрі виртуалды әлемге көбірек көңіл бөледі. Бұл өз кезегінде қарым-қатынастың азаюына, жалғыздық сезімінің артуына әкеледі.

Дегенмен, жасанды интеллект қаншалықты дамығанымен, ол адамды толық алмастыра алмайды деп есептеймін. Себебі адамға тән ерекше қасиеттер бар. Олар – сезім, эмоция, шығармашылық ойлау, жанашырлық пен адамгершілік құндылықтар. Жасанды интеллект белгілі бір алгоритмдер арқылы жұмыс істейді, ал адам күрделі ойлап, жаңа идеялар ойлап таба алады. Мысалы, өнер, әдебиет, музыка сияқты салаларда адам шығармашылығының орны бөлек.

Сонымен қатар маңызды шешімдер қабылдауда да адам факторы қажет.

Себебі кез келген жағдайда моральдық жауапкершілік пен адамдық көзқарас маңызды рөл атқарады. Жасанды интеллект тек көмекші құрал ретінде қызмет атқара алады, бірақ толықтай адам орнын баса алмайды.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект – адамзаттың үлкен жетістігі. Ол біздің өмірімізді жеңілдетіп, көптеген мүмкіндікке жол ашып отыр. Алайда оны дұрыс әрі тиімді пайдалану өте маңызды. Егер технологияны саналы түрде қолдансақ, ол бізге пайданы тигізеді. Ал шектен тыс тәуелділік кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан әр адам технология мен шынайы өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тиіс.

Назым АЙТБЕК,
М.Х.Дулати атындағы
Тараз университеті «Конвергентті журналистика» мамандығының
4-курс студенті

ХАБАРЛАНДЫРУ

«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабындағы талаптарға сәйкес, 2026 жылдың 15 мамыры сағат 15:00-де, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылдық округі, Ұланбел ауылы, С.Сейфуллин көшесі, №4 мекенжайы бойынша «Анабай кен орнындағы 13, 14, 15, 16, 21-ОЦ, 19 және 20 ұңғымаларды орналастыру (Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы)» жұмыс жобасының «ҚОҚ» бөліміне қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Географиялық координаттары: №13 ұңғыма: 44.424444 с.е., 71.544167 ш.б.; №14 ұңғыма: 44.415556 с.е., 71.536389 ш.б.; №15 ұңғыма: 44.419444 с.е., 71.54 ш.б.; №16 ұңғыма 44.405278 с.е., 71.526944 ш.б.; №21-ОЦ ұңғыма: 44.410556 с.е., 71.533056 ш.б.; №19 ұңғыма 44.448611 с.е., 71.565833 ш.б.; №20 ұңғыма 44.447222 с.е., 71.575833 ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар Qosyl платформасында бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн форматта да өткізіледі. Қосылу сілтемесі: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=952810499222>

Идентификатор: 952-810-499-222

Бастамашы: «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС, БСН 050840002757, Астана қ., Есіл ауданы, Ә.Бөкейхан көшесі, №12 ғимарат, тел.: +7 705 137 62 86, s.kuzhumov@erpg.kz.

Жобаларды әзірлеуші: ШС «Мекен және Компания» ТС, БСН 910240000086, Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, №21 «Б»/3, тел.: +7 778 344 55 55, e-mail: mekenik@mail.ru.

Қосымша ақпаратты және құжаттар көшірмесін +7 705 137 62 86 телефоны және s.kuzhumov@erpg.kz электрондық поштасы арқылы алуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында қабылданады: <https://ndbecology.gov.kz/>.

ЖАО: «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ: s.agabek@zhambyl.gov.kz, 8 (7262) 43-68-08.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Разведка и добыча QazaqGaz» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает, что 15 мая 2026 года, в 15:00 по адресу: Жамбылская область, Мойынқумский район, Уланбелский с.о., с.Уланбел, ул.С.Сейфуллина, 4 состоится общественные слушания по Разделу «ООС» к рабочему проекту «Обустройство скважин № 13, 14, 15, 16, 21-ОЦ, 19 и 20 месторождения Анабай (Мойынқумский район Жамбылской области)».

Географические координаты: скважина №13 44.424444 с.ш., 71.544167 в.д.; скважина №14: 44.415556 с.ш., 71.536389 в.д.; скважина №15: 44.419444 с.ш., 71.54 в.д.; Скважина №16: 44.405278 с.ш., 71.526944 в.д.; скважина №21-ОЦ: 44.410556 с.ш., 71.533056 в.д.; скважина №19: 44.448611 с.ш., 71.565833 в.д.; скважина №20: 44.447222 с.ш., 71.575833 в.д.

Общественные слушания также проводятся в онлайн-режиме посредством видеоконференцсвязи на платформе Qosyl. Ссылка: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=952810499222>

Идентификатор встречи: 952-810-499-222

Инициатор: ТОО «Разведка и добыча QazaqGaz», БИН 050840002757, г.Астана, район Есиль, ул.А.Бөкейхан, зд.12, тел.: +77051376286, s.kuzhumov@erpg.kz

Разработчик: ХТ ПТ «Мекен и Компания», БИН 910240000086, г.Қызылорда, пр.Н.Назарбаева, 21 Б/3, тел.: +77783445555, mekenik@mail.ru

Дополнительную информацию и копии документов можно получить по тел.: +77051376286 и эл.почте s.kuzhumov@erpg.kz

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в Информационной системе <https://ndbecology.gov.kz/>.

МИО: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области»: s.agabek@zhambyl.gov.kz, 8(7262) 43-68-08.

ҮЕҮ ДЕРЕКҚОРЫНА МӘЛІМЕТТЕРДІ
ҰСЫНУ МЕРЗІМІН ҰЗARTY

Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдар жыл сайын 31 наурызға дейін өз қызметі туралы мәліметтерді «ҮЕҮ дерекқорына» ұсынуға міндетті.

Eser.govtec.kz платформасында ақпараттық жүйелердің үйлеспеушілігіне байланысты туындаған техникалық мәселелерге орай «ҮЕҮ дерекқорына» мәліметтерді қабылдау уақытша тоқтатылған болатын.

Қазіргі уақытта аталған техникалық ақаулар жойылып, «ҮЕҮ дерекқоры» қалыпты режимде жұмыс істеуде.

Осыған байланысты ақпараттық жүйелердің техникалық үйлеспеушілігі және жүйе жұмысында анықталған қателер туралы акт негізінде «ҮЕҮ дерекқорына» мәліметтерді қабылдау мерзімі 2026 жылғы 30 сәуірге дейін ұзартылды.

Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі

О ПРОДЛЕНИИ СРОКА ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ
СВЕДЕНИЙ В БАЗУ ДАННЫХ НПО

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О некоммерческих организациях» некоммерческие организации, осуществляющие деятельность на территории Республики Казахстан, обязаны ежегодно до 31 марта представлять сведения о своей деятельности в «Базу данных НПО».

В связи с техническими проблемами, возникшими из-за несовместимости информационных систем на платформе Eser.govtec.kz, прием сведений в «Базу данных НПО» был временно приостановлен.

В настоящее время указанные технические неполадки устранены, и «База данных НПО» функционирует в штатном режиме.

В связи с этим, на основании акта о технической несовместимости информационных систем и выявленных ошибках в работе системы, срок приема сведений в «Базу данных НПО» продлен до 30 апреля 2026 года.

Отдел внутренней политики акимата города Тараза

ТАРИХ ТАРАЗЫСЫ

Тарихтың ақтаңдақ беттерінде ақиқаты әлі күнге ашылмаған орындар аз емес. Оның бірінде түрлі археологиялық зерттеулер жүргізіліп жатса, енді екіншісіне құпия құлпы таңылып отыр. Міне, сондай жердің бірі – ежелгі Баласағұн қаласы. Көне қалашықтың орны мен оның тарихы ғалымдар арасында бүгінгі күнге дейін түрлі пікірталас тудыруда.

«БАЛАСАҒҰН» ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОНЫСЫ ҚАЙДА?

Баласағұн қаласы қай дәуірде пайда болды? Онда кімдер тұрып, қандай тұрмыс кешті? Қала атауының өзі нені білдіреді? Есте жоқ ескі заманнан жеткен құнды құжаттар мен ғылыми байламдарға зер салып, зерделеп көрсек...

Жалпы, Баласағұн қаласы орта ғасырдағы түркі халықтарының ірі мәдени-тарихи орталығы болған. Өзінің мыңжылдықтардағы даму барысында көптеген шапқыншылықпен қақтығысты бастан өткеріп, түрлі қағанаттар мен мемлекеттердің саяси ордасына айналған. Қала іргесі сонау Түріктер дәуірінде қаланғанымен, оның мәдени жаңғыруы мен өркендеуі Қарахандар заманында жоғарғы дәрежеге жеткен. Тарих толқынында Баласағұн түргештердің, қарлұқтардың, қарахандықтардың және қарақытайлардың астанасы болып, Жібек жолы бойындағы ірі қалалардың біріне баланды. Қай кезеңде болсын қаланың мәдени және экономикалық дамуы билік құрып отырған мемлекеттің әл-ауқатына тығыз байланысты болған.

Осы таңға дейін аталған қаланың орны мен атауы жөнінде ғалымдар түрлі болжам мен байламды алға тартты. Тарихшылардың бір шоғыры Баласағұн қаласының орны Қырғыз еліндегі Бурана қаласы десе, енді бір ғалымдар ол қаланың тарихтағы орны Баласағұнға сай келмейтінін айтты. Ал тарихты тереңнен зерттеген ойшылдардың бір тобы қазіргі Шу ауданындағы Ақтөбе ауылының қасындағы көне қалашықтың «Баласағұн» екенін дәлелдеуде.

Ақтөбе қалашығында 30 жылдан астам археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген Уахит Шалекеновтің зерттеулеріне сүйенсек, ол осы маңда Баласағұн қаласы бой көтергенін табылған құнды жәдігерлермен айғақтауда. Тағы бір айта кетерлігі, қалашық ерте ортағасырлық дәуірлерден бастап барлық шығыстық және батыстық деректерде кеңінен жазылып қалған. Қала жайлы алғашқы дерек Қытай елінің саяхатшысы Цзя Данының «Төрт бағыттағы жол туралы естеліктері» атты көне жазбасында сақталған. Онда: «Тау аңғарын жағалап біраз жүргенде Суйаб өзені жазыққа шығар аузына жетеді, осы арадан 80 ли жерде Пэйлоцзянцзюнь (Баласағұн) қаласы бар» деп суреттейді. Бұл Баласағұн қаласының Пэйлоцзянцзюнь атауымен Қытай жазбаларында бірінші рет кездесуі болатын. Мұндағы алдыңғы «Пэйло» сөзі – «Бала» сөзінің қытай тіліндегі дыбыстық аудармасы, ал «Сағұн» – мансап аты. Яғни, «Цзянцзюнь» сөзінің дыбыстық аудармасы «қолбасшы» дегенді білдіреді.

Ал бұдан көне деректі ортағасырлық ғалым М.Қашқари береді. Ол өзінің «Түрік сөздігі» атты еңбегінде Баласағұн жайлы кең хикаятты жазып қалдырған. Аталған кітабында Түріктердің Шу қағаны жайлы айта отырып: «Зұлқарнайын Самарқаннан асып, түрік қалаларына қарай беттеген кезде түріктердің Шу есімді бір жас хақаны болған екен. Ол үлкен қосынның несі еді. Шу қаласын Шу хақан басып алып, Баласағұнды өзі салдырған. Баласағұндағы сарайының алдында күн сайын бектер мәртебесіне үш жүз алпыс бес рет дабыл қағылып тұрған...» – дейді ғалым еңбегінде. Осы дерекке қарап отырсақ, көне Баласағұн қаласы біздің дәуірімізге дейінгі 300-ші жылдары өмір сүрген деген байлам жасауға болады.

Шыңғысхан дәуірі кезінде де қаланың өз деңгейінде дамып, гүлденіп тұрғаны айтылады. Шыңғысханның бас бітікшісі және жұлдызнамашысы болған ұлты қидан, қара көк хан тұқымынан шыққан Елюй Чуцайдың Шыңғысханмен бірге Орта Азияға жасалған жорыққа қатысып, көрген-білгендерін жазған «Батысқа саяхат естелігі» дерекнамасында: «Батысқа қарай жүргенде Иле деген үлкен дария бар. Дарияның батыс жағында Хусьволудо (Баласағұн) деп аталатын қала орналасқан. Бұл қала бұрын батыс Ляо мемлекетінің астанасы болатын. Қаланың айналасында ондаған қалалар мен кенттер орналасқан. Одан батысқа қарай жүргенде неше жүз ли жерде Тараз қаласы бар», – деген жазбасы өткен күннен күнді мағлұмат беріп тұр. Қытай жазбасында Баласағұнның «Хусьволудо» деп жазылуы сол дәуірдегі қаланың атауының өзгергенін білдірсе керек.

қала 100 жылдан кейін өзінің өмір сүруін тоқтатып, моңғолдардың шапқыншылығынан күйреп, қирағаны белгілі.

1263 жылы Мөңкенің жарлығы бойынша Қарақорымнан аттанып, хан інісі Құлағу ханға кездесіп қайту үшін Батыс Азияға жолға шыққан Лю Юй мен Чан Дэ атты елшілердің «Батысқа елшілік сапардан естеліктері» атты еңбегінде: «Ақпанның 24 жұлдызында екі таудың ортасынан өткеннен кейін, кең жазықтың шетіне іліндік. Мұнда халық өте тығыз қоныстанған. Біз сапар үстінде бұл маңнан егістік жерлерді, айқыш-үй-

тарихи жазбалар растауда. Енді осы Баласағұн қаласы атауының шығу тарихына келсек, көне қалашықты 30 жылдан аса зерттеген У.Шалекенов өзінің «Қазақ мәдениеті» атты кітабында былай дейді: «Қашқари еңбегінен Баласағұн қаласының этимологиясын анықтадық. «Сағұн» – Қарлұқ жұртының мықтыларына берілетін ат, лақап. Түрік тәуіптерін «Ата сағұн» дейді. Қаланың аты екі сөзден құралған. «Бала» деген түрік сөзі баршаға мәлім болса, «сағұн» – хақан, хан, князь. Олай болса, «Бала + хақан», «бала + князь», «бала + хан» болып, «Баласағұн» деген ұғымды



«Хус (Құз)» – «Орда» деген атауының қытайша айтылуы болатын. Баласағұн мен оның жанындағы Арғу шаһарларында тұратын халықтар тілінде «құлш» сөзін «шаһар» дейді. Содан барып Баласағұн шаһарын «Құз ұлш» деп атаған. Ордү – Баласағұнға жақын қала. Баласағұнды да «Құз ордү – Құз орда» дейді. Осылайша тарих Баласағұнның екінші атауының болғанын дәлелдей келе, ерте-ерте көне шаһар «Баласағұн» емес, «Құз орда» деп аталғанын нақтылай түседі. Бұл кезеңде қала гүлденіп, қарахандықтардың ұлы ордасына айналып тұрғандықтан, ел оны «Құз орда» деп атаған. Бір өкініштісі сол,

қыш қазылған арықтар мен тоғандарды, құл-талқаны шығып күйреп жатқан ескі қалалардың қирандысын жиі кездестіре бастадық. Ондағы жергілікті тұрғындардан кей жайларды сұрастырғанымызда олар бұл жер бұрынғы қидандардың ескі жұрты екенін айтты», – деп жазады елшілер естеліктерінде.

«Қидандардың ескі жұрты» деп тұрғаны астанасы болған Баласағұн қаласын айтып тұрғаны дау тудырмайтын ақиқат. Өйткені Баласағұн қалашығы 90 жылдан аса қарақытайлардың астанасы болғаны – тарихи шындық. Мұхамед Хайдар Дулати өзінің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде осы жайлы айта келіп: «Баласағұн қарақытай заманына дейін Афрасиабтың ұрпақтарының билігінде болған. Қарақытай Гурхан Баласағұнды Илек ханнан тартып алды, ол Афрасиаб нәсілінен еді. Содан оны өзінің астанасы етті. Токсан бес жыл бойы Баласағұн қарақытайдың астанасы болып келді. Жейхуннан бергі, оның шығысында жатқан барлық ел мен өлкелер түгелдей оған салық төлеп тұрды. Моғолдар Баласағұнды Қаралық деп атаған», – деп жазады Мұхамед Хайдар Дулати.

Көріп отырғанымыздай, Баласағұн қаласы орта ғасырда үлкен мәдени иеліктің ортасы болған. Оны көптеген

құрайды. Яғни, «Балахан» немесе «Қарлұқ хақанының қаласы» деген ұғымды білдіреді», – деп өз ойын түйіндейді.

Баласағұн қаласының орны жөнінде алғашқы пікірді 1938-1939 жылдары ресейлік ғалым Л.Бернштам Қырғызстандағы Тоқмақ қаласының оңтүстік-батысында орналасқан ортағасырлық Ақбешім қаласының орнында кішігірім қазба жұмыстарын жүргізіп, қолға түскен азғантай деректерге сүйеніп жариялаған болатын. Осы пікір ұшқынымен қырғыз ағайындар әлі күнге әйгілі Бурана мұнарасын Баласағұн орны деп жарияға жар салып жүр. Әрине, Баласағұн шаһары екені нақты дәйектер мен ғылыми тұжырымдар негізінде дәлелденіп жатса, құба-құп. Алайда айыр-қалпақты ағайын Бернштамның пікірінен басқа нақты тарихи дәлел келтіре алмауда. Ал Баласағұн қаласының орны Жамбыл облысы, Шу ауданындағы Ақсу және Қарабалта өзендерінің аңғарындағы Ақтөбе қонысы екенін ел ғалымдарының зерттеуі ғана емес, тарихи жазбалар айғақтап тұр.

Қалай дегенде де Баласағұн қаласына қатысты деректер әлі де зерттеу мен зерделеуді қажет ететіні анық. Ол енді болашақ ұрпақтың еншісіндегі дүние.

Саян ПЛЕУЖАН



МЕНШІК ИЕСІ:
«Жамбыл-Тараз»
газетінің редакциясы» ЖШС

Қабылдау бөлмесі: 45-62-65

Бас редактор –
САЯТХАН САТЫЛҒАНОВ

Бас редактордың

орынбасары:

Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер:

Тілшілер:

Жарнама менеджері:

Нөмірдің кезекшісі:

Мұратхан ӘЛІМХАН

Құрбанәлі ШАХАБАЙ

Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ

Арайлым ШАБДЕНОВА

Анель ТОТАНБЕВА

Дариха ҰМБЕТИЯРОВА

Сәндібек ДОСТАНБЕКОВ

54-66-64

Жансая БАЗАРБАЕВА

Арайлым ШАБДЕНОВА

SMM БӨЛІМІ

Контент-редакторлар:

Жаннұр МУХАНОВА

Ақбота НҮРСЕЙІТҚЫЗЫ

Фото-видео монтажер:

Нұрлан БЕКТҮРСЫН

Авторлар пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы емес. Қолжазбалар әдеби тұрғыда өңделеді және авторға қайтарылмайды. Ақпарат ақиқаттығына мақала авторы, ал жарнама мен хабарландыру үшін тапсырыс иелері жауап береді. «Jambyl-Taraz» газетінің материалдарын көшіріп басу үшін редакцияның келісімі керек.

Мекенжайымыз:
Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов, 7 «А»
e-mail: jambyltaraz1996@gmail.com
Жалпы тиражы: 11 496
Тапсырыс: 169

Газет қазақ және орыс тілдерінде аралас, аптасына екі рет шығады.

Мерзімді баспасөз басшылығының ақпарат агенттігін және желілік басылмды есепке қою, қайта есепке қою туралы №КЗ87VРУ0006046 куәлік 2022 жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінен берілген.

Жазылу индексі: 65605

Газет «ҚАНАТТЫ ҚАЛАМ ӘЛЕМІ» ЖШС-де басылды.
Тараз қ., Төле би, 36 «Б».

Газет мекенжайыңызға уақытылы келмесе, мына телефондарға хабарласыңыз:

8 771 088 644 8 705 789 704